

A.K. Ospanova^{1*}, A.A. Maulenov²

^{1, 2} ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹ospanova.ak07@mail.ru, ²almas.maulenov@gmail.com

ORCID: ¹<https://orcid.org/0009-0008-7323-2124>, ²<https://orcid.org/0000-0002-2467-1218>

ҚАЛАМ МЕН ҚАРУ: КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ТУЫНДЫЛАРЫ

Аңдатпа. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары, от пен оқтан аман оралған майдангерлер қазақ әдебиетіне соғыс шындығын алып келді. Мақалада Кемел Тоқаевтың соғыс тақырыбындағы шығармалары, ондағы деректі материалдардың көркем түрде көрініс табуы мен тарихи тұлғалардың бейнесін жасаудағы жазушының шеберлігі басты назарға алынған. Ұлы Отан соғысы кезіндегі тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың, саяси-әлеуметтік мәселелердің жазушы шығармаларынан көрініс табуына мән беріледі. Жазушы қаламынан шыққан шығармаларда өмір шындығынан алынған деректер көркемдік шындықпен ұштасуы майдангер жазушы Қасым Қайсенов естеліктерімен салыстырыла талданады. Оның кейіпкерлері соғыс зардабын шегіп, одан әлі де арыла қоймаған адамдар. Майдангер жазушы кейіпкерлерінің психологиялық портретін шынайы және нақты детальдар арқылы ұсынғаны зерделенеді. Авторлар тарих бетіндегі айтулы кезең Ұлы Отан соғысының әдебиеттегі орнына және майдангер жазушының өмірінен алатын орнына шолу жасайды. Сондай-ақ, шығармадағы өмір шындығы мен көркем шындықтың ара-жігі талданады. Көркем шығармадағы образдар мен оқиғаларды ашу мақсатында пайдаланылған көркем детальдарға мән беріледі. Шығармаға арқау болған оқиғалар мен тарихи дерек көздерінің дәлдігі оқиғалар мен кейіпкерлердің нақтылығына назар аудартады. Әдеби шығармаға арқау болған тарихи шындық пен көркемдік шешімдердің арақатынасы талданады.

Кілт сөздер: Тоқаев, майдангер жазушы, деректі оқиға, тарихи тұлға, Ұлы Отан соғысы, шытырман оқиға.

A.K. Ospanova^{1*}, A.A. Maulenov²

^{1, 2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹ospanova.ak07@mail.ru, ²almas.maulenov@gmail.com

ORCID: ¹<https://orcid.org/0009-0008-7323-2124>, ²<https://orcid.org/0000-0002-2467-1218>

THE PEN AND THE SWORD: KEMEL TOKAYEV'S WORKS ON THE THEME OF WAR

Abstract. In the post-World War II years, veterans who had returned from the battlefield brought the reality of war into Kazakh literature. This article focuses on Kemel Tokayev's works on the theme of war, highlighting the artistic rendering of documentary materials and the writer's mastery in depicting historical figures. Special attention is given to the representation of historical events, personalities, and socio-political issues of the Great Patriotic War in his writings. The combination of factual material drawn from real life with artistic truth in the author's works is comparatively analyzed with the memoirs of veteran writer Kassym Kaisenov. Tokayev's characters are those who endured the hardships of war and have not yet fully recovered from its consequences. The study examines how the author presents the psychological portraits of these characters through realistic and concrete details. The article provides an overview of the place of the Great Patriotic War both in literature and in the life of a veteran writer. Furthermore, the boundary between factual truth and artistic imagination in the works is analyzed. Particular emphasis is placed on the use of artistic details to reveal images and events. The accuracy of historical sources and events that underpin the narrative draws attention to the authenticity

of characters and situations. Ultimately, the relationship between historical truth and artistic interpretation in Tokayev's works is examined.

Keywords: Tokayev, front-line writer, documentary event, historical figure, Great Patriotic War, adventure plot.

А.К. Оспанова^{1*}, А.А. Мауленов²

^{1, 2} *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан*

E-mail: ¹ospanova.ak07@mail.ru, ²almas.maulenov@gmail.com

ORCID: ¹<https://orcid.org/0009-0008-7323-2124>, ²<https://orcid.org/0000-0002-2467-1218>

ПЕРО И ОРУЖИЕ: ПРОИЗВЕДЕНИЯ КЕМЕЛА ТОКАЕВА НА ВОЕННУЮ ТЕМАТИКУ

Аннотация. В годы после Второй мировой войны фронтовики, пережившие огонь и пули, привнесли в казахскую литературу реалии войны. В статье основное внимание уделяется произведениям Кемеля Токаева на тему войны, художественному отражению в них документального материала и мастерству писателя в создании образов исторических личностей. Особое внимание уделяется отражению исторических событий и исторических личностей времен Великой Отечественной войны, политико-социальных проблем в произведениях писателя. В произведениях, вышедших из-под пера писателя, анализируются данные из реальности жизни в сочетании с художественной реальностью в сопоставлении с воспоминаниями фронтового писателя Касыма Кайсенова. Его герои-люди, пострадавшие от войны и еще не избавившиеся от нее. Будет изучено, что герои писателя-фронтовика представляют психологический портрет через реальные и реальные детали. Авторы делают обзор значения Великой Отечественной войны в литературе и её места в жизни писателя-фронтовика. Также анализируется взаимосвязь между реальностью жизни и художественной реальностью в произведении. Особое внимание уделяется художественным деталям, использованным с целью раскрытия образов и событий в художественном произведении. Точность событий и исторических источников, лежащих в основе произведения, подчеркивает достоверность событий и персонажей. Анализируется соотношение исторической реальности и художественных решений, которые легли в основу литературного произведения.

Ключевые слова: Токаев, писатель-фронтовик, документальное событие, историческая личность, Великая Отечественная война, приключенческий сюжет.

1. Кіріспе

Тарихта уақыттың ағымын бүркей алмайтын, ұмытылмайтын ұлы оқиғалар болады. Халықтың есінен шықпайтын қиындық пен қаһармандыққа толы осындай кезең Ұлы Отан соғысы болатын. Сол бір аласапыран ауыр шақта қазақ халқы да ерліктің, отаншылдықтың асқан үлесін көрсетті. Жорық жылдарының шындығын суреттеу, ерлердің өшпес бейнесін жасау жауынгерлерді ғажайып батырлыққа жетелеген күш пен рухтың түп негізін, халықтар достығының күдіретін көрсету әдебиеттің ең күрделі де, келелі тақырыптарының бірі болып келеді. Кеңес әдебиетінің негізгі алтын қорына жататын таңдаулы деген туындылардың қай-қайсысы болмасын осы ғұмырлы тақырыптарға жазылған. Тіпті Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған роман, повестердің өзі сан жағынан қаншалықты көп екені әдеби қауымға мәлім. Оған себептер де көп еді.

Ұлы Отан соғысы жылдары халық тарихындағы ең бір елеулі, аса қауіпті де, қасіретті кезең болды. Миллиондаған адамдардың құрбан болғанын ұмыту мүмкін емес. Сонымен қатар, сол сұрапыл соғыстың қайнаған отына түскен азаматтардың

майдан өміріндегі атыс-шабысы ғана емес, ондағы отаншылдық пен сатқындық, парасат пен надандық, сүйіспеншілік пен жауыздық, жақсылық пен жамандық, қасиет пен қасірет, т.б., сезімдер мен сәттерді басынан өткерген тарихи тұлғалардың өмір шындығы шытырман оқиғалы туындыларға негіз болды.

Әдебиетімізде Ұлы Отан соғысының ғаламат оқиғалары мен жауынгерлердің қаһармандық бейнелерін суреттейтін көптеген шығармалар дүниеге келді. Солардың ішінде оқырмандарға жылы ұшытайтыны майдангер жазушының қаламынан туған соғыс шындығын көрсететін шығармалар. Себебі, майдангер жазушы сол қанды соғыс ортасында жүріп, өз басынан кешкенін шығармаға арқау етеді. Оған соғыс тауқыметі туралы ойдан шығарудың еш қажеті жоқ.

Соғыстан кейінгі кезеңде майдангер жазушылар әдебиетке жаңа үн мен бағыт әкелді. Бауыржан Момышұлының «Бір түннің оқиғасы», Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Кемел Тоқаевтың «Соңғы сокқы», «Арнаулы тапсырма», «Көмескі із», «Солдат соғысқа кетті» сияқты шығармалары сол дәуірдің шынайы бейнесін көркем жеткізді.

Майдангер жазушы Кемел Тоқаев туындылары өмірде болған оқиғаларға, архив деректеріне негізделіп, шыншылдығымен ерекшеленеді. Оның шығармалары шытырман оқиғаларға толы, архивтік мәліметтер арқылы сол дәуір елесін дәл бейнелейді. «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға» сияқты туындылары бірнеше рет басылып, қазақ оқырмандарымен қатар шетелдік оқырмандарды да баурады. Осылайша, Кемел Тоқаев майдан даласындағы ерлік борышын қаламгерлік қарымымен жалғастырып, қазақ әдебиетіне жаңа серпін әкелді.

«К.Тоқаев соғыстың қасіретін суреттейтін түрлі шығармалар жазып, соғыс шындығын басқа қырынан көрсетуге тырысты. Жазушының қаламгерлік жолдағы басты ерекшелігі – соғыс шындығын бүкпесіз астарлап шебер суреттей алуында» (Шакиев, 2023: 257).

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлердің ерен ерліктерін шынайылықпен суреттеген жазушының шығармалары – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы әрі бірегейі бола берері анық (Айжігітов, 2021: 3).

Ұлы Отан соғысының оты мен оғына төтеп берген қазақ майдангерлері аман оралып, қолдарындағы қаруды қаламға айырбастап, қасіретті кезең шындығын ұрпақтарына аманат етті. Майдангер жазушы Кемел Тоқаевтың әскери естеліктері мен психологизмге толы шығармалары соғысты жан-жақты сипаттап, қазақ әдебиетінің алтын қорына өз үлесін қосты.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Талдау негізіне Кемел Тоқаевтың соғыс тақырыбындағы шығармалары алынды. Атап айтсақ, жазушының «Солдат соғысқа кетті», «Соңғы сокқы», «Арнаулы тапсырма», «Көмескі із» туындылары басты нысанға алынды. Сондай-ақ, К.Тоқаевқа қатысты мақалалар мен естеліктер қолданылды. Майдангер жазушы Қасым Қайсеновтың «Жау тылында», «Таңдамалы» еңбектері де зерттеу жұмысына арқау болды. Тақырыпты зерттеуде жүйелеу, жинақтау, салыстыру, талдау әдістері қолданылды. Қаламгердің көркем шығармаларына шолу жасау барысында оның

мазмұндық, түрлік ерекшеліктері сараланды. Жазушы шығармасындағы оқиғаларды жазушы Қасым Қайсеновтың естеліктерімен салыстырмалы талдау жасалды.

2.2. Материалға сипаттама

Осы мақаланы жазудың негізгі материалы жазушының әр жылдардағы шығармалары болды («Солдат соғысқа кетті», «Соңғы соққы», «Көмескі із», «Сарғабанда болған оқиға»). Бұл материалдардың барлығы библиографиялық көрсеткіште берілген.

Жазушының шығармашылық зертханасын түсіну үшін оның замандастары – Қ.Исабаевтың, Қ.Қайсеновтың, Қ.Ысқақовтың, Х.Әлжановтың, Ә.Нұршайықовтың және Қ.Тоқаев шығармашылығының өмірі мен ерекшеліктерін және оның тамаша шығармаларының қайнар көзіне айналған оқиғаларды сипаттаған басқа да авторлардың мақалалары үлкен маңызға ие.

Мақалада қаламгердің шығармашылығын зерттеудің әртүрлі бағыттарында жұмыс істеген аға буын ғалымдарының ғылыми зерттеулері ұсынылады: Б.Рамазанова, Ш.Елеуенов, С.Қирабаев, Х.Әлжанов, сонымен қатар жазушының шығармашылығын жаңа ғылыми көзқарастар мен бағыттардан зерттейтін қазіргі заманғы ғалымдар: Б.Айжігітов, Р.Тұрысбеков, М.Шакиев, Ұ.Нұрғалымұлы, М.Қойгелдиев, К.Сәттібайұлы, Д.Қасымов, Н.Ақыш және т.б. Бұл авторлардың еңбектері жазушының шығармаларын хронологиялық түрде жүйелеуге, оның шығармашылық зертханасының ерекшелігін ашуға, шығармаларының маңыздылығын анықтауға үлкен үлес қосқан.

Жазушының өмірі мен шығармашылығы байланыстыра қарастырылып, соғыс тақырыбындағы шығармаларына әдеби талдау жасалды. Нақты деректердің, тарихи оқиғалардың жазушы шығармасында қолданылуы және оларды көркем сөзбен жеткізуі сипатталды. Жазушыға қатысты зерттеулерден үзінділер келтіріле отырып, оның өзіне тән басым тұстары анықталды. Шерияздан Елеуенов, Бақытқали Айжігітов, Рақымжан Тұрысбеков, Серік Қантай, Нұрдаулет Ақыш, Мадияр Шакиев т.б. жазушылардың естеліктері мен мақалалары негізге алынды.

3. Талқылануы

Қазақ жазба әдебиетінде толассыз қалам тербеп, көркем сөз әлеміне жаңа жанрда үздік туындылар берген, содай-ақ Ұлы Отан соғысын өз басынан кешіп, кейін сол шындықты көркем шығармаға тиек еткен көрнекті көркем зергерлерінің бірі – Кемел Тоқаев. Кемел Тоқаев 1923 жылы қазан айының екінші жұлдызында Қаратал ауданына қарасты Сарғабан деген жерде дүниеге келген. Бала кезінен заман тауқыметін басынан өткерген. Ол ата-анасынан жастайынан айырылып, ағасы екеуі Шымкенттегі жетімдер үйінде тәрбиеленеді.

Оның «Солдат соғысқа кетті» атты романынан жазушының өмірінен кең мағлұмат алуға болады. Шығарма Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылғанмен онда авторлық шегініс арқылы бас кейіпкер Мұхамедтің балалық шағын баяндайтын ұзақ эпизод бар. Мұхамедтің ағасы Қасыммен жетімханаға қалай тап болғаны, әкешесінің Пішпекте тұрғандағы қиын-қыстау тағдыры жайлы қинала сыр шертеді. Мұхамед бейнесі – автордың прототипі. Жазушының шығармасы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қанды оқиғалардан сыр шетеді.

Қазақ әдебиетінде эпикалық жанр түрлері сан-салалы. Әсіресе тарихи роман, деректі прозаның соғыстан кейінгі кезеңде 60-шы жылдары молая түскен. Сол қатардағы шығарма авторларының бірі Кемел Тоқаев болды. Жазушының туындыларындағы негізгі сюжеттер соғыс уақытында орын алған деректі оқиғаға негізделген. Бұл туралы Шерияздан Елеуенов «Аты да, таланты да Кемел» деген жазбасында: «...Кемел Тоқаевтың соғыс туралы шығармалары окоптан жазған репортаждай» (Кемел Тоқаев – детектив дарабозы, 2023:155), - деп дәлелдейтіндей айтқан.

Жазушы Кемел Тоқаевтың соғыс тақырыбына қалам тербеуін оның ҰОС қатысып, майдан өмірін басынан кешуімен байланыстыратынымыз рас. Десек те, Хамит Әлжановтың «Кемеліне келген Кемел еді» естелігінен жазушыға барлаушылық қасиет тән екенін аңғарамыз.

Шығармаларына ақиқат пен деректі арқау еткен жазушының біраз туындылары қақпайланып отырған. «Жазушы К.Тоқаевтың еңбектерін жариялауға қатаң тыйым салынды, себебі оның шығармаларында ұлттық сарын басым болды. «Солдат соғысқа кетті» атты шығармасында орыс жігіті Власов қазақ жігіті Мейірманов атып түсірген ұшақты өзі атып түсірдім деп жалған хабарлайды. Мұхамед те осы жайтты көреді, шын мәнінде Власов атпағанын біліп, басшыларына оқиғаны хабарлайды. Шығармада ұлтаралық қатынастар көрініс тапқандықтан, бұл туындылардың жарық көруіне мүмкіндік берілмеді» (Жүнісова, 2023: 21). Кейбір деректерде тіпті шығармалары басылымға жіберілген жерінен алынып тасталынған делінеді. Соған қарамастан, жазушы К. Тоқаев әр сөзін ой елегінен өткізе отырып, шығармаларын әдебиет әлеміне енгізе білді.

К.Тоқаев Ұлы Отан соғысына қатысып, I және II дәрежелі орденмен марапатталған. Соғыстан кейін жоғары білімін алып, кемеліне жеткен жазушы оқырман іздеп оқитын үздік туындылар жазады. Оның шығармалары ҰОС кезеңінде орын алған қылмысты істерді ашу жолдарының егжей-тегжейін баяндайтын шытырман оқиғалы (детективті) жанрда қалам тартты. Мысалы, 1954 жылы «Жұлдызды жорық», 1955 жылы «Қысқы қарлығаш», 1958 жылы «Тасқын», 1965 жылы «Болашақ туралы ойлар», 1968 жылы «Арнаулы тапсырма», 1971-72 жылдары «Дикарьдің өлімі», «Қастандық», 1977 жылы «Таңбалы алтын» сияқты тағы да басқа шығармалардың авторы. Драматургия саласында «Кім қылмысты» дейтін пьеса жазды. Сонымен қатар, «Қызыл комиссар», «Сыйқырлы құпия» деген шығармалары да жарық көрді. Айта кететін бір жай, жазушының «Көмескі із», «Сарғабанда болған оқиға», «Соңғы соққы» повестері өз кезінде Жазушылар бәйгесінде сыйлыққа үш мәрте ие болған. Содай-ақ, жазушының кітаптары мол тиражбен қайталанып басылған. Мәселен, «Көмескі із» – 4, «Түнде атылған оқ» – 3, «Қастандық» – 4, «Арнаулы тапсырма» – 3 рет қайта басылған.

Оның мінезі де, рухы да соғыста шыңдалды. Ұлы Қасымжомарт Тоқаев өз сөзінде соғыс әкесінің «алғашқы өмірлік университеті» болғанын айтады. Жазушы соғыста ерлік дегеннің не екенін көріп біледі. Тумысынан адам жан дүниесін сезіп тұратын К.Тоқаев соғыста адам психологиясын сырт пішінінен-ақ тани алатын қасиетке ие болды. Соның нәтижесінде кейіпкер психологиясын жақсы сомдай алды.

Кемел Тоқаев жас сержант кезінде майданға аттанып, бірнеше рет жараланды. Майдан даласына 18-ге толмай барған жігіт екі жарым жыл соғыста ажалмен

күнделікті бетпе бет келіп, ақырында үлкен жарақат алып, елге оралады. Осы уақыт ішінде басынан өткен оқиғалар мен архив деректері, майдандас достарының естеліктері оның соғыс тақырыбында жазылған бірнеше шығармасына арқау болады.

Бүкіл әлемді шарпыған шайқаста сержант Кемел Тоқаев Қызыл Армияның танк десантында болды. Оның соғыс алаңында өз басынан кешкендері – сауыт киген пулеметшылар мен жаяу әскерлер, оққа ұшқан десантшылар, өртке малынған танк экипажы бәрі-бәрі **«Солдат соғысқа кетті»** кітабында жазылған. Роман майданда ғана емес, соғыстың қайнаған шағын басынан кешкен адамның жазуымен ерекше құнды екенін Д.Қасымов «Соғыс пен бейбітшілік» мақаласында айтып өтті. Яғни жазушының қайнаған соғыс алаңында болған оқиғаларды көркем шығармаға арқау етіп жазуында. Кемел Тоқаев 1942 жылдың сұрапыл күзінде оқиғаны жас жауынгердің көзімен суреттей отырып, былай деп жазды:

– 0,85 биіктікте октябрьдің таңы осылай атты...

Үш жолдастан айырылды. Фаткуллин. Қойбағаров, Демин ерлік өліммен қаза тапты. Менің білегімді оқ тіліп кетті. Әсіресе, бел омыртқадан тиген снарядтың жарықшағы жаныма қатты батты. Учитель Стапинский де жараланды. Зеңбірекшілер Петровтар болмағанда бұл биіктікті ұстап тұру қиын еді. Немістер екі рет шабуылға шықты. Әзірге биіктікті бермей ұстап тұрмыз... (Тоқаев, 1983: 60).

Солдат күнделігінің осындай жазбаларынан жазушының майдан ортасында жүріп, өмір өткелдерін түртіп қоюы әбден мүмкін, әрі солай дегіміз келеді.

Ғалым Р.Тұрысбеков «Қаламгер К.Тоқаев шығармашылығы: соғыс сипаты мен шындық шырағы» мақаласында жазушының «Солдат соғысқа кетті» романын кең көлемде қарастырған. Мақалада «Майдандаласы мен жорықжолдары, жауынгерлердің ерлік-істері, өз ара қарым-қатнасы мен оларға берілген мінездеме-сипаттамалар да кезең көріністерінен, соғыс шындығынан мол деректер береді» дей келе, «Бұдан байқалатыны, жоғарыдағы жағдаяттардың бәрі-баршасынан жазушы еңбегі, яғни майдан даласы мен айқас алаңындағы соғыс шындығы хақындағы көрген-түйгені, әскери дайындық пен жауынгерлік тапсырманы орындау аралығындағы жауынгерлердің жауапкершілік жүгі мен жанкешті әрекет-қимылдары, өз ара қарым-қатнас, ортақ түсіністік сыр-сипаттары нанымды өріс алып, оқиға желісі бейнелі баяндалады» деп тұжырымдайды (Тұрысбеков, 2023: 202).

Майдан алаңындағы қастандық пен сатқындық, мансап үшін тайталас жазушының осы бір шығармасында жан-жақты көрінеді. Мәселен, капитан Колодкиннің мансап үшін жасаған опасыз әрекеттері өте ұтымды жеткізілген: «Капитан Колодкин штаб бастығының шешіміне наразы еді. Екі ротаға бас ғып мұны тағайындамай, өзінен шен дәрежесі төмен Одеровқа тапсырғанына ызалана күйінген...» – дей келе, «Қызғаныш пен күншілдіктен іш күйген Колодкинге әйтеуір біреуді мұқатқанда, табалағанда кегі қайтатындай көрінді...» (Тоқаев, 1983: 163) - дейді. Мансапқұмарлығы сонша капитан берілген бұйрықты штаб бастығына айтпай, айналасындағы өзіне ұнамайтын адамдардан арылудың айла-әрекетіне дейін жоспарлайды. Іштарлық пен қызғаныш салдарынан ойы әлем-жәлемге түседі. Ақырында жасаған әрекетінің тұрпайылығын ұққан еді.

Сонымен қатар, жасалған сатқындықтар жұмбақ оқиға негізінде өрбіп, детективке тән ерекшелікке ие болғанын аңғаруға болады. «Меніңше, онша қиын жұмыс емес. Өздерің қызмет етіп жүреген бөлімшенің командирі, қару-жарағы, қашан майданға аттанатындарыңды айтып берсең болғаны...» (Тоқаев, 1983: 177). Үзінді жауға қызмет еткен сайқал әйелдің сөзі. Ол жақсы өмірді көкседі, жоқшылықтан құтылып, серуен құрып, ел елді аралауды аңсап, сол үшін осы әрекетке барғандығын да жазушы назардан тыс қалдырмай, оқырманға жеткізіп отыр. Осы мәселені ашу барысында «Жұмбақ әйел» операциясы ұйымдастырылады.

Рафэль Ниязбектің «К.Тоқаевтың суреткерлік биік деңгейге көтеріліп, шиыршық атқан аса шебер үлгіде жазған көлемді туындысының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы» (Өнегелі өмір, 2018: 274) деп баға беруі жазушының көркем сөздің көсемі екенін тағы дәлелдей түсетіні анық.

«К.Тоқаевтың суреткерлік биік деңгейге көтеріліп, шиыршық атқан аса шебер үлгіде жазылған көлемді туындысының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы. Қанға бөккен майдан даласы жан-жақты суреттеліп, ара-арасында солдат күнделігімен тұздықталып отыратын бұл көлемді туындыны көкірегің ыза-кекке толып, қызынып, бұрқанбай оқу әсте мүмкін емес» (Айжігітов, 2021: 246).

Жазушының «Солдат соғысқа кетті» шығармасы – еш боямасыз, шынайы, әдеби көркем тілмен суреттелген тарихи роман.

Кемел Тоқаевтың соғыс тақырыбындағы келесі шығармасы **«Соңғы соққы»** повесі. Қаламгердің бұл туындысында чекистердің жиырмасыншы жылдардағы ішкі және сыртқы жаулармен күрестегі ерлік істері сипатталады. Негізгі кейіпкері – Кеңес чекисі Қасымхан Чанышев. Сонымен қатар О.Жандосов, Б.Шагабутинов сияқты революционерлер де көрініс табады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл шығарма Тоқаевтың «Үшінші» рет I сыйлыққа ие болған туындысы. Ол Дутов басқарған бандылар отрядын талқандау әрекеті негізінде жазылған шығарма. Бұндағы қылмыскерлер образына келсек, олар қаныпезер, айлакер ретінде суреттеледі. Негізгі мақсаттары «большевиктерді» құрту.

Ал милиция қызметкерлері өте шебер іскерліктерімен көрінеді. Бұл шығармада Қасымхан Чанышевтың соғыс кезінде облыстық РевКомға жазған хатының көшірмелері бар.

«Жазушының «Соңғы соққы» романында Жетісу өңірінің от-жалынға оранған күреске толы күндері, ел мен жер үшін аянбаған тұлғалардың ішкі және сыртқы жаулармен күрестегі ерлік істері шынайы сипатталады» (Қойгелдиев, 2025).

Кемел Тоқаев сонау 20-жылдары іргелес отырған қазақ, орыс халықтарының басынан кешкен тағдырларын да, тұрмыс-тіршіліктерін де тыс қалдырмаған. Сол жылдардағы банды отрядының елге істеген әрекеттері, екі ел арасын туғызбақ болған кикілжің, озбыр істері бәрі-бәрі көз алдымызға келеді. Ел амандығы алдында бас тіккен азаматтардың да бейнелері ерекше сомдалған.

«Мұнда Кеңес өкіметіне қарсы арпалысқан ақ гвардияшылардың, қанқұйлы қазақтардың жанталасқан күресі, ескілік пен жаңаның өлмей беріспес тіресі, елді алаңдату мен қылышты жалаңдату, әдейі қойылған өрт пен анттан, мұратты мақсаттан таймас серт, Ораз Жандосовтай еңіреген ерлердің шуақ-шапағаты мен жастардың маздақ махаббаты да бар» (Кемел Тоқаев – дара тұлға, 2022: 71 бет).

Чанышевтың РевКомға жазған хатына тоқталсақ:

«Ол кезде мен Уездік милиция бастығы едім. Маған берілген бірінші тапсырма Қытай республикасының Іле округінде тұрған ақтар атаманы Дутовпен танысып, оның сеніміне кіру, ақтардың күшінің қанша екенін анықтау еді...» (Тоқаев, 1981: 197). Үзінді «Уездік милиция бастығы» бөлімінде. Бұл бөлімде Ораз Жандосов Қасымханды шекара жаққа арнайы Дутовпен танысу жолдарын қарастыруға жібереді.

Сондай бірнеше деректі үзінділердің бірі «Кездесу» бөліміндегі: «Дутов бөлімшеден адамдардың бәрін шығарып жіберді, мені жалғыз қабылдады. Ұзақ әңгіме үстінде өзіне көмектесудің қаншалықты мәні барын түсіндіріп бақты. Опасыздық жасаған күнде теңіз түбіне тығылсам да тауып алатынын ескертті. Жаркенттен алғаш мәлімет алған соң онда көтеріліс жасау үшін маған көмекші жіберілмекші болды...» (Тоқаев, 1981: 233) деген үзінді.

Сонымен, «Соңғы соққыда» облыстық ЧК басшылығы мен Жаркент уездік милициясы арасында жүрген 20 шақты нұсқау, телеграмманың сырын ашып, соларға байланысты жергілікті жерде мақсатқа жету үшін не істеліп жатқаны толық айтылып шығады.

«Міне, осы құнды құжаттарды зерттеп, зерделеп отырып, Кемел Тоқаев «Соңғы соққы» деген романымен сол кездегі кеңестік-коммунистік қасаң идеологияға қарсы соңғы соққысын жасады деуге болады» (Сәттібайұлы, 2023).

Кемел Тоқаевтың бұл туындысы да өз кезеңінің әділ бағасын алып, өміршендігін жалғастыруда. Оқырман көркем шығармадан тарихи дерекпен қатар, басты кейіпкерлердің бейнесін танып, азаматтық пен адалдыққа ұмтылары хақ.

Жазушының **«Арнаулы тапсырма»** повесі Отан алдындағы борыш, адалдық, ерлік, партизандық күрес туралы сыр шертеді. Шығармада Украинаның әйгілі партизаны әрі көрнекті мемлекет қайраткері Сидор Ковпактың бейнесі жасалаған. Сондай-ақ, Халық қаһарманы, ҰОС батыры Қасым Қайсеновтың тұлғасы сомдалады. Осы шығарманы жазу үшін қаламгер кейіпкерімен бірге партизан жүрген жолдармен жүріп, Днепр жағасына барып, оның майдандас достарымен танысып, Қасымның ерліктері және партизандық соғыс кезіндегі ауыр шайқастар туралы құнды деректер алады. Жазушы партизан жүрген жолдармен жүріп қана қоймай, оның майдандас достары – апалы-сіңлілі Воронецкаялар, Сидор Артемьевич Ковпак, Алексей Васильевич Крячек т.б. халық қаһармандарымен танысып, олар өткен сұрапыл жылдардан хабар алады. Одан басқа Ұлы Отан соғысының батырлары И.К. Примақ, Г.Проценко т.б. тарихи тұлғалар және кеңес адамдарының тұтқиылдан жасаған шабуылдары көрініс табады. Бұл еңбек Қасым Қайсеновтың 1973 жылы және толықтырып қайта басылған 1987 жылғы естеліктерімен салыстыра отырып қаралды.

Шығарманың «Қасиетті қала» бөлімінде Қазақстаннан келген қонақтар жайлы сөз болады.

...Содан бері, міне, жиырма жыл өтіпті... Самолет ішінде Украинаға бара жатқан Қазақстаннан 11 журналист бар еді. ...Қасым Сидор Артемьевичтің көңіл күйін сұрап, сонан соң әрқайсымызды жағалай таныстырды... Мен сөз алып, Алматыдан алып келген сәлемдемеді тапсырдым. Ковпак риза болып қалды, басын изеп, рахметін айтып жатыр... Бізге де орынды Украина қонақ үйінен сайлапты (Тоқаев, 1972: 16, 17, 22, 19).

...Я, сендермен жүз көріспегелі он үш жыл өтті. Он үш жыл!

...Машина үлкен 7 қабат үйге келіп тоқтады, мандайында «Украина» деген жазуы бар. Бізді осы қонақ үйге орналастырды. Келесі күні қонақтарды банкетке шақырды. Қазақстан делегациясынан Украина үкметінің басшыларына қазақтың жібек шшапан жабылып, құндыз бөрікі кигізілді. Осылардың біреуі Сидор Артемьевич Ковпакқа тапсырылды. Ертең соғыс ветерандарының салтанатты жиыны ашылмақ. (Қайсенов, 1973: 268, 262).

Бұл үзінділердің біріншісі К.Тоқаев повесінен, екіншісі Қ.Қайсенов естеліктерінен алынып отыр.

1. ...Алеша сен жалғыз емессің, бақандай 4-міз... Казино селосындағы жауынгерлік астыртын отряд осылай құрылған еді. (Тоқаев, 36, 46-бет)

1. Алексей Васильевич Крячек Переслав ауданының жасырын ұйымының мүшесі, отряд құруда үлкен жұмыс істеп жүрген адам (Қайсенов, 1973: 45).

2. – Вася, не істейміз, бүйтіп отыра берсек қопарғышты салып үлгіре алмаспыз, эшелон өтіп кетіп жүрер, – деседі.
– Эшелон енді ешқайда өте алмайды, әбігерленбеңдер! – дейді Вася қолын сермеп...

2. Эшелон жоғарыдан ағындап келіп мүйістен бұрыла бергенде мина жарылып гүрс ете түсті. Бейне бір күн күркірегендей, салдыр-гүлдір тау жаңғырып, құзға құлады.

– Қазір мина төсеуші менімен жүреді... Барлық операция шапшаң жүргізілді. Поезд пысылдап жүріп келеді.

...Сол кезде лап етіп төменнен өрт шықты, оның артынан лапылдап-тарсылдап снаряд, оқ-дәрілер жарыла бастады... (Қайсенов, 1973: 194).

Әпсәтте аспан айналып жерге түскендей шатыр-шұтыр ете қалады.
(Тоқаев, 95-бет)

3. Ракета атылғанда біреу жарыса аспанға жарқырауық от жіберді. Ол мезетте орталықтағы үйдің тұсынан жалын көтерілді. Үлкен үй отын ортасында қалды. Күзетші немістер не істерлерін білмей айнала зыр жүгіріп жүр.

3. Төрт адам едік. Барлаудан келе жаттық, мынадай күтпеген оқиғаға тап болдық. – Селомыздың мектебінде 4 жандарм отыр. Бүгін түнде село жастарын ұстап Германияға жібермек... Түп-түгел далаға шығарып жауап алып, тиісті мәліметтерді қолға түсірген соң, бұл селоға неге келгендерін сұрадық... (Қайсенов, 1973: 147).

– Тізім жойылды, жігіттер мен қыздарға үйлеріңе қайта бер деуге болатын шығар... (Тоқаев, 115-бет)

4. Бәрінен де Проценконың өлімі көз алдымнан кетпейді. Хоцк орманы. Алтын күн арайланып, күлгін-қызыл сары-ала шапағын төгіп, көтеріліп келе жатқан... Бұл кезде Проценко 2-отрядтың командирі... Соңғы минутта өзі оққа ұшып, ауыр жараланды. Оқ өкпесін жұлып, қабырғасын зақымдап кеткен екен. Ол басын көтеріп:

– Алеша, мына түннің тамашасын қарашы...
Өзінің сәулесі қалай мол...

Әлден соң көзін тағы ашты да:

– Алеша, мен өлетін шығармын...

Ол ақырын күбірледі. Күлген кісі секілді езуі бір жағына қисайып, үзіліп бара жатты. (Тоқаев, 136-бет)

5. – Зоя, тісің ауырып жүр ме? Аузыңды ашшы, көрейін, – дедім мен.

Ол бетіме тесіле қарап тұрды да:

– Проценко түнде сіздің үйге түнеп шықты ма? – деді. Ия, ол біздің үйге қанды, оны несіне сұрадың?

– Жай, әшейін. (Тоқаев, 62-бет)

4. Хоцкі орманымен 2-3 км жүргеннен кейін, Алеша машинасын кейін тоқтатты да: Вася, ана тұрған жуан терек есінде ме?

Жүріңдер, – деп мұная қалды Алеша.

Жуан терек түбіне келгенде, «Вася, мен жаралымын! Мені тірідей тастап кетпеңдер!» – деп, оң қолын көтеріп шалқалай түсіп жатқан Г. Проценконың қадірлі бейнесі елестеді көз алдыма.

– Вася, міне бәріміздің досымыз, ер Гришаның қабыры осы. Сол өзіміздің жерлеген жерде жатыр, – деді Алеша бетіндегі топырағын жаңартып жапқан, үстіне бірнеше шоқ қойған қабірді нұсқап. (Қайсенов, 1973: 251)

5. ...Штаб бастығы Алексенко бір конверт ұсынды. Хатты Зоя жазыпты. Ол хатта мені сүйетіндігін, өмірлік жолдас болғысы келетінін айтыпты.

(Қайсенов, 1987: 433)

Жоғарыдағы мысалдардың бір бағаны толығымен көркем шығармадан алынған үзінділер де, бір бағаны өмір шындығы, яғни Қасым Қайсеновтың естеліктерінен алынған. Жалпы екі туындыдан А.В.Крячектің өмірде де дәрігер болып, астыртын ұйымның мүшесі болып, оны құрушылардың бірі болғандығын көреміз.

Екінші мысалда, партизан отрядының неміс эшелонын жарғандығы сөз етіледі. Ал Қ.Қайсенов өз естелігінде эшелонды жанындағы жолдастары бұзғанын көрсетеді. Осы тұста біз үшінші үзіндіні де сөз етсек, К.Тоқаев шығармасында орталықтағы үлкен үйдегі Германияға жіберілетін жастар тізімін селодағы астыртын ұйымның іс-әрекеті деп жазады. Шын мәнінде ол тізімді жою әрекеті Қ.Қайсеновтың қатысуымен іске асқан. Жазушы шығармада екі оқиғаны қатар уақытта өткізеді. Яғни «Вася» (шығармадағы Қасымның прототипі) бастаған топ эшелонды жарған кезде селодағы немістер дүрлігіп, темір жол жаққа тревогамен кетеді. Ал село адамдары оны пайдаланып үлкен үйді жағып жібереді.

Төртінші үзіндіде Григорий Проценконың өлім алдындағы сәті жазылған. Проценко өмірді тамаша құбылыс екенін айтады. Сұрапыл соғыс кезіндегі өрт шарпып қираған тоғай оған өлер алдында сұлу да, әсем болып көрінеді. Оның осындай ішкі сезімін жеткізу – Кемелдің жетістігі. Ал Қайсенов естелігінде бір ғана сөзі «Мені тірідей жау қолына тастамаңдар» деген өтініші айтылады.

Бесінші келтірген үзіндіде Кемел Тоқаев Зоя деген жас қыздың астыртын ұйымға көмек көрсететінін және де оның Проценконы ұнататындығын, екеуінің арасында сүйіспеншілік сезім барлығын көрсеткен. Шын мәнінде соғыста Зоя радистка. Ол

негізінен. Қ.Қайсеновты сүйген. Оны Қасым өзіне жазған хаттан біледі (бұл да естелікте).

Жазушы шығармасында өмір шындығы көптеп кездеседі. К.Тоқаев сонымен қатар соғыс кезіндегі қоғамда кездескен оқиғаларды да тыс қалдырмай ұтымды түрде шығармаға тиек еткен. Мәселен, Дмитрий Никич Яковец жауға қарсы шайқаста ауыр жараланады. Оның үй ішін немістер азаптап өлтіріп, баласын тірідей суық аязға шырылдатып қалдырады. Оны сол село тұрғыны, Яковецтің көршісі қарт әже арашалайды. Міне, осы сияқты құбылыстарды жазушы оқырмандарға образды түрде жеткізе білді.

Сонымен қатар повесте юморлы тұстар да кездеседі. Әрине, бір сарында ғана жазса ол тек қана тарихи дерек болар еді. Ендеше біз оны Кемел Тоқаевтың шығарма жазудағы шеберлігі деп білеміз.

Мәселен:

– Басшы командирлерің қайсың? – деп, танк үстінде топырлап отырған танкистерге күлімдеп қолын көтерді.

– Немене, қарапайым солдатпен сөйлескің келмей ме? – деп мен де тиістім. Ол менің бетіме бажырая қарады да:

– Өзіңнің шенің былай тұрсын, ең болмаса йегіңнің үстінде бір тал кыл да жоқ, сендей баламен қалай сөйлесемін! – деп танкистерді бір күлдірді. Полкте әйел атаулы болмайтын. Дөңкиген өңшең еркектердің арасында мына қыз жайнап тұрған шоқ гүл секілді. Әр солдат тілдесіп қалуға ынтығады.

– Мұрты бар десеңіз менімен, сөйлесіңіз.

– Онiкi мұрт емес, мұрын астында қылтиған бiрдеме ғой.

– Одан да маған келiңiз, мұрт түгiл сақал бар! – деп еңгезердей старшина өзіне шақырды қол бұлғап.

– Қап, жаңа ғана сақал-мұртымды бекер алған екенмін-ау, – деп Крапычев те күліп жатыр... (Тоқаев, 1972: 16 бет).

Енді бірде жазушы өз араларында сатқындық кездескенін де көрсетеді. Партизан отрядымен астыртын ұйым үш марте опық жейді.

Шығармада Г.Проценко, алғашқыда әдейі кірген тыңшы полицай ретінде көрінеді. Бірде ол жаудың қолына түсіп, оның іс-әрекеті айрандай ашылады. Құдай сақтап, Проценко қашып құтылып көрші селодағы өзінің ағайына барып паналамақ болады. Алайда ол ойы іске аспайды. Жазушының көрсеткісі келгені өз туғандарының жеке бастарын сауғалап, көмек беруден бас тартқандығы. Проценко, Лена сияқты қайсар азаматтар жоғарыда айтқанымыздай сатқындықтың салдарынан ұсталады.

Жазушының шығармасын майдандас досы Қасым Қайсеновтың естеліктерімен салыстыра талдау арқылы оның шығармаларының тарихи деректерден құралғанын анықтай түстік.

Соғыс тақырыбындағы шығармалар қатарына жатқызатын енді бір повесі «**Көмескі із**». Бұл повесте соғыс уақытында орын алған қылмысты ашу барысы, ондағы тергеуші шеберлігі, алғырлығы суреттеледі. Ол шығармада ашық көрінеді: «Алғашқыда осындай ойда отырған тергеуші, Маяр кеткеннен кейін өз долбарының тым жүдеулігін сезгендей жаңа тұтатқан папиросын тарбиған аласа пешке қарай

лақтырып жіберді. Жақсы мен жаманды айыра алмайсың. Тәжірибелі деп маңызды істі тапсырды-ау саған!»-деп майор өзін өзі табалай, күйіне сөйледі» (Тоқаев, 1972: 151).

Жазушы соғыс жылдарындағы қылмыстар мен майдан өмірін шығармаға арқау етеді. Мәселен, жаудың тек шабуыл жасамай, жасырын схема жазылған (хатты) картаны қолға түсірмек істері, қару ұстауға жарайтын адамдардың бәрі соғысқа аттануы т.б.

Жазушы тергеушінің шеберлігін, ұшқыр қиялын, логикалық пайымдауын өте ұтымды сомбай білген. Мысалы: «Тергеушінің назарын аударғаны шала тартылған папиростың қалдығы болды. Өткен кештегі тасталған темекі емес...

Қазір қоймада «Қазыбек» пен «Дели» папиростары ғана бар. «Беломор» папирасының түспегеніне айға жуық уақыт өтті. Тек осы сәтсіз оқиға алдында лейтенант Маляр посылкасымен бірге бес пачка «Беломор» папирасын алған. Егер де мұны қырық-елу минут бұрын тартылған қалдық десек, лейтенант Маляр бұл жерге қалай келіп үлгермек? Өзінде отырған жоқ па еді осы уақытта ол?

... Родионов тағы да төңіректі мұқият қарап шығуды ойлады. Өлік жатқан жерден он қадам жүргенде көмескі, бірақ жаңа ізді көрді. Бір гажайыбы сол аяқтың таңбасы жоқ. Түскен көмескі ізге қарағанда, бұл жақты шарлаған жан қырықшыны размерлі етік киеді. Салмағы алпыс сегіз килограмм. Орта бойлы адам. Бұл сырды өліктің өзі ашып беретініне сенген тергеуші кіші Малярдың денесіне көмген топырақты аса ұқыппен сыпырды. Бетіне жапқан берзентті көтергенде өлік қабысып жатыр екен. Өмірінің соңғы минутында қинала, тістеніп құлаған тәрізді. Оң жақ ұры тісі дүрдиген ернін тіліп, айқасып кетіпті. Солған салалы саусақтары түйіле жұмылып, кеудесінің үстінде жатыр...

Родионов әлсіз жұмырық арасынан екі тал қылды суырып алып:

Енді шашының түсі, бет әлпетінің қандай екенін білуге болады! – деп көтеріле сөйледі... Шашты алдырмай ұзын қоятын кім? Әрине, бұл әйелдің ісі... Әлде бұл жансыз аяқпен секіргенде жерге нығыздалып түскен жалған таңба ма?

...Іс туралы, қылмысты іс туралы және алыстағы ана туралы көп ойлап, ұзақ отырды тергеуші... Екі тал шаш, көмескі із, қойнына карта жасырған кіші Малярды ақтай да, жақтай да алмайды. Өз тәжірибесіне сүйенген тергеушінің күдігі ғана бұл. Егер де Маляр кішінің жаумен ешқандай сыбайластығы болмаса, құпия карта қалай тап болады?

Ой үстінде қалдық темекіні әрі-бері уқалап отырған майор:

Көрдің бе жаудың айлакерін. «Дели» темекісін «Беломор» сабағына жапсырыпты, ойлап тапқанын қарашы. Бірақ ол өзін әшкерелеуге осы ісімен біраз мағлұматтар береді...

Ентіге жүгіріп келе жатқан сержант Маляр болымсыз сәулеге бұрылып қарап еді, біреу бүйірін осып жіберді. Екпінмен жармасқанда қолына екі тал шаш қана ілінді...

Сержант Маляр, жау қолынан өлді!

Тергеуші әрбір фактіні салыстырып, ойын осылай түйді. Сөз жоқ, жау құпия картаны қолға түсірісімен біржола кетуді көздеген. Бірақ атыс кенет тоқталып қалып, адамдар даусы естіліп, оның бұл ісіне кедергі келтірген. Карта қолда. Бірнеше сағаттан

кейін штабтың жаңа қонысқа көшетіні белгілі оған. Егерде асығыс көшу кезінде сержанттың өлігін таба қалса, «опасыз қорқақ!» ретінде көме салады. Тексермейді. Інісі қорқақтың ағасын ешкім де жақтамайды және ол сол күнгі қарауыл бастығы ағайынды Малярға күдікті көбейту үшін оның ролінде ойнау қиын емес. Міне, жаудың ойы осы болған» (Тоқаев, 1972: 154-156).

Нақ осы жолдардан біз тергеуші Родионовтың логикалық пайымдауларын, тергеу істерін оқып білеміз. Осындай тұжырымнан кейін, жазушы тергеушіні үлкен Малярменен оқиға болған жерге апарады. Яғни өліктің қойнына салған картаны алу үшін қылмыскердің қайтып келетінін біліп барады да, нәтижесінде қылмыскерді ұстайды.

Бұл шығармада кай жылдардағы соғыс екендігі ашылмайды. Тек «Құпия соғыс картасы» және соғыс кезінде қолданылған сөздер – «блиндаж», «снаряд жарықшағы», «бомба», «атыс» т.б. деген бірен-саран сөздер соғыс уақытында болған қылмысты оқиға екенін танытады. Бұл туынды да өте нанымды, шынайы оқиғаларға толы.

Майдангер қаламгердің шынайы соғыс көріністерін кең қамтып, әскери қолбасшылардың, қатардағы солдаттың, қарапайым адамның ерлік істерін баяндайтын көпқырлы сюжеттік арналарды өз шығармаларының бойына сыйғыза жазған туындылары оқырман ықыласына бөленді. Сайып келгенде, «соғыс туралы шығармаларды сол соғыстың бел ортасында қан кешкен адамдар ғана жандандырып жаза алады» (Кемел Тоқаев – дара тұлға, 2022: 46).

Романдарын оқу барысында соғыстың қатыгез кескінін көрсететін батылдық көріністер сол бір қанды жылдарға қарай жетелеп әкетеді. Қарапайым әскерилер мен командирлердің ерлік қимылдарын шиыршық атқан оқиғалар арқылы суреттер соғыс шындығынан алшақ кетпеген. Шығармаларында адам сенгісіз ерлік жасап жатқан кеңестік идеялогия емес, кейіпкердің бойында табиғилық басым болып келеді. Майдан рухын аңғартатын ситуациялар мен оқиғалардың дамуы да логикалық тұрғыдан да психологиялық тұрғыдан да сендіре алады (Шакиев, 2023: 257).

4. Зерттеу нәтижесі

Жазушы соғысқа дейінгі, соғыстан кейінгі хал-ахуалды өз басынан өткергендіктен өте жақсы сезінді. Елдегі әлеуметтік жағдайды барынша шыншыл суреттеді. Соғыс салдарынан туындаған ауыр жағдай, жетім мен жесір хәлі, ашаршылық бәрі-бәрі еш бүкпесіз шығармаға арқау болған.

«Қаһармандарға қойылатын үлкен талап тұрғысынан қарағанда, соғыс тақырыбындағы роман, повесть, әңгімелерінде басты кейіпкер болсын немесе майдандас жолдастары болсын өздерінің адами қасиеттерін ұдайы ұрыс даласында, жау тылында, бейбіт өмір кезеңінде ұстамды мінез-құлық, айшықты іс-әрекетімен айқын көрсетеді, – дей келе, журналист Серік Қантай: Кемел Тоқаев шығармасындағы кейіпкерлердің бәрі тірі. Қағаздан жасалмаған, сиядан құйылмаған» (Қантай, 2018: 3) деп, дөп басып айтады.

Жалпы адамзат арасында да мінезі мен әрекеті кереғар, қайшылықты тағдыр иелері барын жазушы майданда болған оқиғалармен таныта түседі. Қанқұйлы соғыс сан алуан тағдырларды табанға салып таптайтын дүлей күш екенін алға тартады. Соғыс сияқты тарихи-саяси зұлматтың қарапайым адамды да, халықты да шындығына

келгенде қорлау екені таным-түсінігі әртүрлі образ-мінездер арқылы кескіндейді. Бұл туралы жазушы Нұрдаулет Ақыш: «Автор шығарманың идеялық астарына соғыс жағдайындағы әділетсіздік көріністерін, ұлтаралық түсініспеушілік сияқты шетін мәселелерді де кіргізіп отырады. Кейбір орыс әскерилерінің қыр елінен келген қазақ жігіттеріне үстем көзқараспен қарауы оқиғаны жалаң қоюлату мақсатында алынбаған, соғыс кезіндегі ұлтаралық, нәсілдік теңсіздікті білдіретін, ащы да болса, өмір шындығының ұшқындары» (Өнегелі өмір, 2018: 311) – дейді.

5. Қорытынды

Жазушының жоғарыда сөз болған шығармаларынан Кемел Тоқаевтың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан өлшеусіз үлесі байқалады. Ол ұлттық прозаға жаңа үн қосты. Жазушының шығармалары сұрапыл соғыс кезеңіндегі нақты оқиғалар мен деректерге негізделе отырып өрбиді. Олар тек майдан өмірін ғана емес, сол кездегі елдегі жағдайды, тыл өмірін суреттеген үздік шығармалар. Көрнекті ғалым Х.Әлжановтың «Кемеліне келген Кемел еді» естелік мақаласындағы: «Кемел майданнан оралғаннан кейін де өзінің барлаушылық тәжірибесін жазушылық жолмен жалғастырып, шым шытырлық оқиғалы шығармалар жазуға кірісті. Онда Қазақстан барлаушылары мен қарсы барлаушыларының құпия қызықты жұмыстарын жазушылық шеберлікпен көрсете білді...» (Әлжанов, 2000: 4), – деген сөздері К.Тоқаев шығармаларының өмір шындығы мен архив деректеріне сүйеніп жазылған деген тұжырымымызды дәлеледей түседі.

Зұлмат жылдарғы деректерді әдеби тілмен көркемдей отырып, бейбіт күннің қадірін ұғындырады. Жақсылық пен жамандық арасындағы бітпес күрес К.Тоқаев шығармаларында жиі бой көтеріп, оны әр қырынан бере білді. Қай шығармасын алсақ та кейіпкердің кескін-келбеті, түр-тұлғасы мен жүріс-тұрысы өте ұтымды суреттеледі. Ирина, Лена сияқты қайсар қыздардың басынан кешкен қиындықтары мен Отан алдындағы ерлік істері де ерекше сипатталған. Майдандағы асқан ерліктер, қыршын кеткен боздақтар, тылдағы ерен еңбек, күнәсіз қырылған адамдар бейнесі адамзат атаулыны толғандыра қатпарлы ой-тұжырымдарға жетелейді. Жаралы жауынгерлер өмірі, оның жан айқайы, өмір мен өлім арасындағы арпалыс, оқ жұлған денелердің қанға боялған көріністері қаз қалпында беріліп, қан майдандағы шайқастың куәгеріне айналасың. Сын сағатта өзінің азаматтық ұстанымын ерлік істерімен көрсете білген жауынгерлер мен сырт айналып, бас сауғалаған қорқаулардың әрекеттері, олардың бір-біріне ұқсамайтын көзқарасы жазушының шығармаларында шынайы суреттеледі.

«Майдан шындығын суреттейтін туындыларында жазушы бүкіл адамзаттық деңгейде гуманистік, өркениеттік мәселелерді көтере білді. Кітаптарының алтын өзегінде жатқан поэтикалық қуаты да осы арадан көрінеді. Соғыс пен қылмыс тақырыбын қаузап отырып, гуманистік, пассионарлық идеялар мен құндылықтарды қалың оқырманға нәзік жеткізе білуі жазушы қол жеткізген көркемдік табыстарының бір биігі деп атап айтуға болады». (Детектив дарабозы, 2023: 5 бет).

«Әрбір шығарма қаламгердің жан толқынысынан барып туады. Ондағы кейіпкерлер, оқиғалар, ойлар мен сезімдер толғанысы қаламгердің өмірлік танымы мен талғамының, сараптауы мен саралауының желісі мен жемісі. Кемел Тоқаевтың болмысын, қаламгерлік қарымын тану үшін жазғандарын оқу керек» (Өнегелі өмір, 2018: 9).

Мақала барысында оқырман қауымға татымды дүниелер ұсынған жазушы шығармашылығының кескін-келбетін, әдебиетімізге қосқан өзіндік үлесін ықшамдай анықтап, шағын шолу жасадық. Шығармаларға арқау болған тарихи шындықтың көркемдік шешім табуын салыстыра қарауымыз алдағы уақытта көптеген зерттеулерге негіз болары сөзсіз. Сондай-ақ, жазушының шығармашылық тұлғасын тану және көркем шығармаларды талдау үшін қолдануға болады.

Әдебиеттер:

1. Айжігітов Б. Кемел ағаның аманаты: [жазушы К. Тоқаевтың өмірі мен шығармашылық жолына арналған естеліктер]. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 284б.
2. Ақыш Н. Соғыс шындығының ұшқындары // Қазақ әдебиеті, 2015. – 8 мамыр (№17-18). – 7б.
3. Әлжанов Х. Кемеліне келген Кемел еді // Заң газеті, 2000. – № 42 (317). – 4б.
4. Елеуенов Ш. Аты да, таланты да Кемел // Ақиқат, 2003. – №6. – 73-77б.
5. Жүнісова, А., Кенесбаева, С., Төлекова, Г., Нұрпейісов, Н. және Тұрысбек, Р. (2023). Әдебиеттегі детектив жанрының тарихын зерделеу: әдебиет сыншыларымен жүргізілген сұхбаттарға негізделген сапалық зерттеу. Қоғам, мәдениет және тіл халықаралық журналы, 11(3), 13–22. doi:10.22034/ijsc.2023.1999960.2998 https://www.ijsc.com/article_705012_8bda98e385453c9be291ad49068d809b.pdf
6. Касымов Д. Соғыс және бейбітшілік // Литер. – 2016. – 5 мая (№66). – 6-б.
7. Кемел Тоқаев – дара тұлға. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 172б.
8. Кемел Тоқаев – детектив дарабозы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 478б.+16 жапсырма.
9. Қайсенов Қ. Жау тылында. Алматы: Жазушы, 1973, – 326б.
10. Қайсенов Қ. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1987, – 475б.
11. Қантай С. Детектив шыңына шыққан // Жетісу, 2018. 20 наурыз (№32). – 3б.
12. Қойгелдиев М. Кемел Тоқаевтың «Соңғы соққы» романының тарихи негізі туралы. (11.09.2025). <https://kemel-qalamger.kz/?p=2026>
13. Нұрғалымұлы Ұ. Майдан тудырған сөз // Егемен Қазақстан, 2019. – 19 шілде. <https://egemen.kz/article/204952-maydan-tudyryghan-soz>
14. Өнегелі өмір/ред.басқ. Ғ.М. Мұтанов / Құраст. Д.Смайыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. Ш.156. – 401б., сур.
15. Сәттібайұлы К. Соңғы соққы // Қазақ әдебиеті, (05.10.2023). <https://qazaqadebieti.kz/40555/so-y-so-y>
16. Тоқаев К. Солдат соғысқа кетті: Романдар. – Алматы: Жазушы – 1983. – 400б.
17. Тоқаев К. Көмескі із. – Алматы: Қазақстан. – 1972. – 207б.
18. Тоқаев К. Соңғы соққы: Роман. – Алматы: Жазушы, 1981. – 296б.
19. Тұрысбеков Р. (2024). Қаламгер К.Тоқаев шығармашылығы: соғыс сипаты мен шындық шырағы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы, 149(4), 194-209. <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/950>
20. Шакиев М. 2023. Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылық жолы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. 1, 76, 2023. 255-264б. DOI: <https://doi.org/10.51889/1728-5461.2023.1.76.025>

References:

1. Ajigitov B. S. (2021). Trust in Kemel. Almaty. (In Kazakh)
2. Aqysh N. (2015). Sparks of the reality of war. Qazaq Adebieti, (17–18), 7. (In Kazakh)
3. Alzhanov H. (2000). He was a kind person. Zaň Gazeti (Law Newspaper), (42/317), 4. (In Kazakh)
4. Eleukenov Sh. (2003). Kemel's perfect talent and his name. Aqiqat, (6), 73–77. (In Kazakh)
5. Kasymov D. (2016, May 5). War and peace. Liter, (66), 6. (In Kazakh)
6. Kemel Tokayev is a unique person. (2022). Almaty: Kazakh University. (In Kazakh)
7. Kemel Tokayev: The master of detective fiction. (2023). Almaty: Kazakh University. (In Kazakh)
8. Kaisenov K. (1973). In the rear of the enemy. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh)

9. Kaisenov K. (1987). Favourites. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh)
10. Qantai S. (2018, March 20). The detective climbed to the top. Zhetysu, (32), 3. (In Kazakh)
11. Koigeldiev M. (2025, September 11). On the historical background of Kemel Tokayev's novel "The Last Blow". <https://kemel-qalamger.kz/?p=2026> (In Kazakh)
12. Nurgalymuly U. (2019, July 19). A word born of the front. Egemen Qazaqstan. <https://egemen.kz/article/204952-maydan-tudyrghan-soz> (In Kazakh)
13. Mutanov G. M. (Ed.), & Smayyl, D. (Comp.). (2018). An exemplary life. Almaty: Kazakh University. (In Kazakh)
14. Sattybayuly K. (2023, October 5). The last blow. Qazaq Adebieti. <https://qazaqadebieti.kz/40555/so-y-so-y/> (In Kazakh)
15. Tokayev K. (1983). The soldier went to war: Novels. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh)
16. Tokayev K. (1981). The last blow: A novel. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh)
17. Tokayev K. (1972). Faint trail. Almaty: Kazakhstan. (In Kazakh)
18. Turysbek R. (2024). The work of writer K. Tokayev: The nature of war and the light of truth. Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 149(4), 194–209. <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/950> (In Kazakh)
19. Shakiyev M., & Zherebtsov I. (2023). Life and career of Kemel Tokayev. Bulletin. Historical and Socio-Political Sciences Series, 76(1), Article 025. <https://doi.org/10.51889/1728-5461.2023.1.76.025> (In Kazakh)
20. Zhunussova, A., Kenesbayeva, S., Tulekova, G., Nurpeissov, N. and Turysbek, R. (2023). Tracing the History of the Detective Genre in a Literature: A Qualitative Study Based on Interviews with Literary Critics. International Journal of Society, Culture & Language, 11(3), 13-22. doi:10.22034/ijscsl.2023.1999960.2998 https://www.ijscsl.com/article_705012_8bda98e385453c9be291ad49068d809b.pdf